

**«Вето құқығы: Қазақстандық тәжірибе және шетелдік дағды» атты тақырыптағы
«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (Phd) дәрежесін алу үшін дайындалған
Бискультанова Альбина Маулетказыевнаның диссертациясына берілген
ресми сын пікір беруші заң ғылымдарының
докторы, профессор Аюпова Зауре Карімқызының**

СЫН-ПІКІРІ

| №п /п | Критерийлер | Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек) | Ресми сын-пікір берушінің ұстанымын негіздеуі |
|-------|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбы (оның бекітілу күніне сай), бағытта рына, ғылымды дамыту және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес келетіндігі | Ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жоба немесе нысаналы бағдарлама шеңберінде орындалды (жобаның немесе Бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету) 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама шеңберінде орындалды (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді (бағыт көрсетілсін) | Зерттеу тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына <u>сәйкес келеді</u> және Қазақстанның мемлекеттік бағдарламаларымен, сондай – ақ, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясымен тығыз байланыстылығы өзекті болып табылады және ғылым мен практиканың сұраныстарына сәйкес келеді. Диссертация ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. Мемлекеттік басқарудың, мемлекеттің, қоғамның, экономиканың дамуын құқықтық қамтамасыз етудің, саяси трансформацияның өзекті мәселелерін зерттеу. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес <u>қосады/қоспайды</u> және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған | Диссертациялық зерттеу ғылымға айтарлықтай үлес қосады және оның маңыздылығы жақсы ашылады. Диссертациялық зерттеу тақырыбын ескере отырып, оның маңыздылығы тек теориялық және ғылыми ғана емес, сонымен қатар veto құқығын тәжірибеде қолдануға байланысты теориялық байлам-түйіндермен де негізделген. Диссертациялық зерттеу мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық сияқты ғылым салаларын айтарлықтай байыта түседі. |

| | | | |
|----|----------------------|---|--|
| 3. | Дербестік кағидасы | Дербестік деңгейі: <u>Жоғары;</u> Орташа; Төмен | Ғылыми зерттеуде автор жоғары деңгейде өз бетінше теориялық тұжырымдарға қол жеткізген. Ұсынылып отырған диссертация конституциялық құқықтың теориялық мәселелерін шешуге бағытталған авторлық ұстанымдардың жиынтығын көрсетеді. Диссертациялық жұмыста автор вето құқығының теориясы мен тәжірибесін кешенді тұрғыда талдай отыра, өзіндік нәтижелерге қол жеткізген. |
| 4. | Ішкі бірлік кағидасы | 4.1 диссертацияның өзектілігінің негізділігі: <u>1) негізді;</u> 2) ішінара негізді; 3) негізделмеген | 1) Негізді. Диссертация тақырыбы ғылыми негізді құрылған. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі логикалық бірізділікке сәйкес келеді. Диссертацияда көрініс тапқан автордың әрбір ұстанымы негізді болып келеді. Зерттеу жұмысындағы: Бірінші нәтиже. Негізді, себебі автор вето құқығына арналған еңбектерді талдай келе, өзіндік нәтижеге жетіп отыр. Екінші нәтиже. Негізді, себебі автор вето құқығындағы өкілеттіктерді айқындауда шетелдік заңнамаларды талдау арқылы қорытындыға келіп отыр. Үшінші нәтиже. Негізді, себебі вето түрлерін жіктеуде шетелдік әдебиеттермен қатар, отандық авторлардың тұжырымдарын талдай келе, вето құқығын түрлерге жіктеудің негіздерін кеңейте түскен. Төртінші нәтиже. Бұл нәтиже де негізді. Қазақстанда вето құқығының қалыптасуын конституциялық заңнамаларға сүйене отыра, ашып көрсеткен. Бесінші нәтиже. Қол жеткізілген бұл нәтижеде жаңа болып табылады. Автор ТМД елдеріндегі, дамыған шетелдердегі, Еуропалық Одақтағы, БҰҰ-ғы вето институтының жүзеге асуын нақты заңнамалық базаға сүйеніп, айқындаған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды <u>1) айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды | 1) Айқындайды. Диссертациялық зерттеудің мазмұны диссертацияның таңдалған тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертация кіріспеден, он бөлімшені біріктіретін үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық зерттеу оның мазмұны мен таңдалған тақырыбын толығымен айқындап тұр. |
| | | 4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: | 1) Сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің тақырыбына сәйкес зерттеудің мақсаты |

| | | | |
|----|----------------------------|--|--|
| | | <p>1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> | <p>негізді тұжырымдалған және міндеттері анықталған. Зерттеудің негізгі мақсаты-вето құқығының теориялық негіздерін саралау және авторлық ұстанымдарға қол жеткізу. Сонымен қатар, veto құқығының тәжірибеде қолданылу тиімділігін көрсету болып табылады.</p> |
| | | <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан өзара байланысты: 1) толығымен өзара байланысты; 2) ішінара өзара байланысты; 3) өзара байланысы жоқ</p> | <p>1) Толығымен өзара байланысты. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымдары логикалық тұрғыдан өзара байланысты және қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді, диссертация тақырыбын дәйекті түрде ашады. Veto құқығының қалыптасуы мен дамуының және қазіргі кезеңде әлем елдерінде қолданылуының негіздерін дәйекті түрде ашып көрсеткен.</p> |
| | | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелді және белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара; 3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> | <p>Диссертацияда сыни талдау бар, автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, белгілі шешімдермен салыстырыла бағаланған. Алынған нәтижелер ғылыми және теориялық тұрғыдан негізделген, зерттеуді жазу барысында диссертацияда көрініс тапқан талдаулар мен қорытындылар нақты және ғылыми негізді.</p> |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық қағидасы | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелердің жаңалығы? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)</p> | <p>Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. Диссертацияда veto құқығының авторлық ұстанымы беріліп отыр. Сонымен қатар, veto құқығын түрлерге жіктеудің жаңа критерийлері көрініс тапқан. Жұмыс барысында автор отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын талдай келе, өзіндік ұстанымдарға қол жеткізген. Бұл толығымен диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің жаңалығына жол ашқан.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның тұжырымдарының жаңалығы? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа)</p> | <p>Диссертацияның тұжырымдары мүлдем жаңа - өйткені диссертацияда автор veto құқығына қатысты жаңа ұстанымды негіздеген. Автор тарапынан veto құқығын қолдануға қатысты қазақстандық заңнаманы жетілдіру туралы тәжірибелік ұсыныстар берілген.</p> |
| | | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдерінің жаңалығы және негізділігі: 1) толығымен жаңа;</p> | <p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары негізделген және сенімді. Бұл ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптардың сақталуымен расталады, зерттеудің жалпы ғылыми әдістерін қолдану, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен</p> |

| | | | |
|----|---------------------------|--|---|
| | | 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа) | тәжірибесіне үлкен үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін пайдалану, негізгі ережелерді жариялау арқылы анықталады. |
| 6. | Тұжырымдардың негізділігі | Барлық жаңа тұжырымдар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген / негізделмеген немесе жеткілікті түрде негізделген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін). | <p>Диссертациялық зерттеудің қол жеткізген негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары өзінің негізділігімен айқындалады. Диссертацияда автор әрбір нәтижеге шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне арқа сүйей отыра, қол жеткізген. Диссертацияда отандық және шетелдік вето құқығына қатысты заңнамалар мен халықаралық құжаттарда нақты талдауға түскен. Бұл диссертациялық жұмыстың нәтижелерінің негізділігін қамтамасыз еткен.</p> <p>Бірінші нәтиже. Диссертацияда автор шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне арқа сүйей отыра, өзіндік тұжырымына қол жеткізген.</p> <p>Екінші нәтиже. Диссертацияда қол жеткізілген бұл нәтиже де негізді болып табылады. Автор тарапынан вето құқығындағы өкілеттіктердің көлемін анықтауда нақты заңнамалық құжаттарға сүйенген.</p> <p>Үшінші нәтиже. Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген бұл нәтиже де, өзінің негізділігін көрсетіп отыр. Автор тарапынан ғылыми әдебиеттер мен шетелдік заңнамалар саралана келе, вето құқығының түрлері айқындалған.</p> <p>Төртінші нәтиже. Қол жеткізілген бұл нәтиже де негізді болып табылады. Қазақстанда вето құқығының қалыптасуы мен дамуын автор нақты конституциялық заңнамаларға сүйене отыра, сипаттап көрсеткен.</p> <p>Бесінші нәтиже. Бұл нәтижені де, негізді деп тануға болады. Автор тарапынан бұл нәтижеге ТМД және БҰҰ, Еуропалық Одақ елдерінің құқықтық құжаттарын саралау арқылы қол жеткізіліп отыр.</p> |

| | | | |
|----|---|--|---|
| 7. | Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар | <p>Әрбір тұжырым бойынша келесі сұрақтарға жеке –жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>1) дәлелденген; 2) дәлелдене түскен; 3) дәлелдене түспеген; 4) дәлелденбеген</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) Иә; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолданылу деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.4 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Иә 2) жоқ</p> | <p>Қорғауға шығарылатын тұжырымдар:</p> <p>1. Диссертацияда «вето құқығы - бұл мемлекет басшысына тиесілі конституциялық құқық, елдің заң шығарушы органы қабылдаған нормативтік-құқықтық актіні алған күннен бастап белгілі бір мерзімде оған қол қоюдан бас тарту (қол қоюды кейінге қалдыру) және нысаны мен мазмұнына қатысты ұсыныстар мен ескертулерді енгізе отырып, қайта қарауға жіберу», - деген авторлық ұстаным беріледі.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>Иә, дәлелденген, өйткені вет құқығының авторлық тұжырымы айқын.</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>Ия, бұл жаңа, автор вето құқығының табиғатын кеңінен айқындаған.</p> <p>7.4 қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>Иә, жарияланған ғылыми мақалада дәлелденген: Бискультанова А.М., У.А. Ахатов, Б.Ж. Қуандықов. Право вето как современный политико-правовой институт // Известия НАН РК. Серия социальных и гуманитарных наук. - №3 (325). – 2019 (май-июнь). – С. 211-220.</p> |
| | | | <p>2. Диссертацияда вето құқығындағы өкілеттіктердің көлемін айқындауда автор тарапынан өзіндік критерийлер жүйесі берілген.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген:</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>Бискультанова А.М. Историко-правовая эволюция вето // Международная научная конференция о характере практических занятий "wiadomości o postępi naukowym i badaniach naukowych naszych czasów. - Краков, Польша. - С. 67-76.</p> <p>3. Автор диссертациялық жұмыста вето құқығын жіктеудің жана талаптарын негіздеп, сол арқылы ветоны түрлерге авторлық негізде бөліп көрсеткен.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>2) дәлелденген;</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) Иә</p> <p>7.4 қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Иә, жарияланған мақалада дәлелденген:</p> <p>Бискультанова А.М. Вето на создание и учреждение институтов // Наука и жизнь Казахстана. - 2018. - №6(68). - С. 251-260.</p> |
| | | <p>4. Диссертацияда Қазақстан Республикасында вето құқығының қалыптасуы мен даму эволюциясы нақты конституциялық заңнама арқылы айқындалып, оның кезеңдері бөлініп көрсетіледі.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) Иә;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Иә.</p> <p>Бискультанова А.М. Мировой опыт применения президентом права вето // Вестник КазНУ. Серия юридическая. - 2019. - №2 (90). - С. 162-171.</p> |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | <p>5. Диссертант ТМД және Еуропалық Одақ елдерімен дамыған шетелдердің тәжірибесіндегі вето құқығының даму эволюциясын және оны трансформациялаудың негізгі веторларын айқындап көрсеткен.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген бе?</p> <p>1) дәлелденген;</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) Иә;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>2) орташа</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Иә, жарияланған ғылыми мақалаларда дәлелденген: Альбина М. Бискультанова, Айгерим Ж. Жарболова, Уалихан А. Ахатов, Багдат Т. Ауешова Право вето: международный опыт, проблемы и перспективы применения // Kasetsart Journal of Social Sciences 42(2021) 1256-1277p.</p> |
| 8 | Шынайылық қағидасы. Ұсынылатын қайнар көздер мен ақпараттардың шынайылық қағидасы | <p>8.1 Әдістемені таңдау-негізделген немесе әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған:</p> <p>1) <u>Иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды:</p> <p>1) <u>Иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Әдістемені таңдау диссертациялық зерттеудің кіріспесінде негізделген және жақсы сипатталған. Қойылған міндеттерді шешу және алға қойған мақсатқа жету үшін танымның философиялық, жалпы ғылыми және арнайы-ғылыми қағидалары мен әдістерінің кешені пайдаланылды, олардың әрқайсысы тақырыпты объективті және жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді.</p> <p>1) Иә Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды:</p> <p>https://adilet.zan.kz/kaz/- Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;</p> <p>https://online.zakon.kz/-Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;</p> <p>https://prg.kz/- "Параграф" ақпараттық жүйесі</p> |

| | | | |
|----|-------------------------------|--|---|
| | | <p>8.3 Теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденді және расталды (педагогикалық ғылымдар бойынша дайындық бағыттары үшін Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді);</p> <p>1) Иә; 2) жоқ</p> | |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер <u>расталды</u> / ішінара өзекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/расталмаған | Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Әдебиеттер тізімінде жеткілікті дереккөз бар, оларға диссертацияда сілтемелер, дәйексөздер келтірілген. Автордың көзқарасы вето құқығы саласындағы қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеуді теориялық және әдіснамалық зерттеуде де, тақырыптың мәселелеріне кешенді шолу нәтижелері бойынша тәжірибелік талдау мен ұсыныстар жасауда да байқалады. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті, өйткені диссертация тақырыбы бойынша іргелі еңбектер зерттелді. Әдеби шолуда кейбір авторлардың электрондық құжат айналымы институтын, электрондық құжатты анықтау мәселесіне көзқарастарын салыстыру ұсынылған; қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің проблемалық мәселелері бойынша маңызды жарияланымдарды (монографиялық және мерзімді басылымдарда) тізімдей отырып, іргелі жұмыстарға егжей-тегжейлі талдау жасалды электрондық құжат айналымы саласында. |
| 9. | Тәжірибелік құндылық қағидасы | 9.1 Диссертацияның теориялық мәні бар: 1) Иә; 2) жоқ, | Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жоғары, өйткені жүргізілген теориялық зерттеу, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің теориясын талдауға негізделген және болашақ зерттеушілер үшін қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Диссертациялық зерттеу ЖОО-да дәріс және тәжірибелік сабақтар үшін "Құқықтану" білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге оқу материалы ретінде пайдаланылуы мүмкін. |

| | | |
|----|--|--|
| | 9.2 Диссертацияның тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары: 1) Иә; 2) жоқ, | Диссертацияның <u>тәжірибелік маңызы</u> бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолданудың жоғары ықтималдығы бар: жұмыстың қорытындылары мен нәтижелерін әртүрлі заң шығару процесінде, Президенттің вето құқығын қолдану тәжірибесін жетілдіруде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында пайдалана алады. |
| | 9.3 Тұжырдар тәжірибе үшін жаңа болып саналады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25% -75% жаңа); 3) жаңа емес (25% - дан азы жаңа), | Тәжірибеге арналған ұсыныстар ғылыми әдебиеттердің кең ауқымын, сондай-ақ заңнамалық база мен статистикалық деректерді талдауға негізделген мүлдем жаңа. |
| 10 | Жұмыстың талапқа сай жазылу және рәсімделу сапасы Академиялық жазу сапасы 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен, | Академиялық жазудың сапасы мен рәсімделеуі жоғары деңгейде. Автор өз ойларын қысқаша, сонымен бірге жеткілікті сенімді ғылыми мәтін арқылы қалай білдіруге және негіздеуге болатындығын біледі, өзінің зерттеу нәтижелерін келтіреді. Фактілерден басқа, диссертацияда логикалық пайымдау және нәтижелі бөлікті түсіну бар. Жұмыста басқа ғалымдардың еңбектеріне сілтемелер кеңінен жасалған. |

Шешім: «Вето құқығы: Қазақстандық тәжірибе және шетелдік дағды» атты тақырыптағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Бискультанова Альбина Маулетказыевнаның диссертациялық жұмысы ғылыми жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және диссертациялық зерттеудегі қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік негізді болып табылады. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған. Диссертациялық жұмыс «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» бұйырығының талаптарына сай және Бискультанова Альбина Маулетказыевнаның диссертациялық жұмысы «6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайық деп санаймын.

Ресми пікір білдіруші
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің
«Құқық» кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының докторы

(жұмыс орны, ғылыми атауы)



Аюпова З.К.
(АЖТ)

